

## 2009 жылғы 1 ақпандағы сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


2009 жылғы қаңтар айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осындай кезеңінде жиналған көлемінен 45,6%-ға аз болып, 9 246,5<sup>1</sup> млн. теңге болды.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.02.2008ж.		01.02.2009ж.		01.02.2008 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	17 006,5	100,0	9 246,5	100	- 45,6
Міндетті сақтандыру	2 364,5	13,9	2 541,1	27,5	7,5
Ерікті жеке сақтандыру	3 401,7	20,0	1 865,8	20,2	-45,2
Ерікті мүліктік сақтандыру	11 240,3	66,1	4 839,6	52,3	-56,9

*млн. теңге*

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақы көлемі өткен жылдың ұқсас көрсеткіші 7,5%-ға өсті, ерікті жеке сақтандыру бойынша азаю 45,2% құрады, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша азаю 56,9% құрады.



2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 68,8% (1 749,2 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 23,9% (608,5 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,1% (78,8 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 4,2% түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 16,5% (307,2 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 63,2% (1 178,6 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 4,4% (81,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 16,0% (298,1 млн. теңге) болып келеді;

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша – 17,1% (825,8 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 42,9% (2 078,2 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 8,4% (406,3 млн. теңге) және басқалар бойынша – 31,6% болды.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	01.02.2008ж.		01.02.2009ж.		млн. теңге 01.02.2008 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	17 006,5	100,0	9 246,5	100	- 45,6
Өмірді сақтандыру	366,2	2,2	379,8	4,1	3,7
Жалпы сақтандыру	16 640,3	97,8	8 866,7	95,9	-46,7


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 379,8 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 3,7%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 ақпандағы 2,2%-ға қарсы 4,1% болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 8 866,7 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы қаңтарға қарағанда 46,7% -ға аз.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі



"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі



### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 4 174,6 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,1%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 33,3%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 2 073,3 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 776,1 млн.теңге болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.02.2008ж.		01.02.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл арындағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл арындағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде резидент еместерге	6 948,5	40,9%	4 174,6	45,1
резиденттерге	6 151,4	36,2%	3 082,2	33,3
Резидент еместерден қайта сақтандыруға барлығы қабылданған	797,1	4,7%	1 092,4	11,8
	3 170,1	18,6%	776,1	8,4

### Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 84,9%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,5%, міндетті сақтандыру бойынша – 14,6 % болды.

### Сақтандыру төлемдері

2009 жылдың қаңтар айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 50,2 есе төмендеп, 1 719, 5<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 11,5% (198,2 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері Страховые выплаты	01.02.2008ж.		01.02.2009ж.		01.02.2008 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі %-бен	Сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:					
Всего, в том числе по:	3 450,7	100,0	1 719,5	100,0	-50,2
Міндетті сақтандыру					
Обязательному страхованию	539,5	15,6	569,0	33,1	5,5
Ерікті жеке сақтандыру					
Добровольному личному страхованию	488,7	14,2	520,2	30,2	6,4
Ерікті мүліктік сақтандыру					
Добровольному имущественному страхованию	2 422,5	70,2	630,3	36,7	-74,0


<sup>2</sup> сомасы қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері шегеріліп көрсетіліп отыр.

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 49,5% (281,5 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 37,6% (214,2 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 12,0% (68,5 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,9% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 71,1% (369,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 8,3% (43,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 15,6% (80,9 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша – 5,1% (26,5 млн. теңге) болды;

**ерікті мүлктік сақтандыруда** – 63,6% (401,0 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 18,1% (113,9 млн. теңге), мүлкті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 9,0% (56,6 млн. теңге), басқалар бойынша – 9,3% болды.



2008 жылдың қаңтар айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 23,3% болды.

### Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокерлері және 63 актуарийлер қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.02.2008ж.	01.02.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	40	44
өмірді сақтандыру бойынша	7	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	47	63

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 166 847,0 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.02.2008ж.	01.02.2009ж.	01.02.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	245 336,4	280 131,3	14,2
Міндеттемелер	114 713,6	113 284,3	-1,2
оның ішінде сақтандыру резервтері	98 652,6	99 669,5	1,0
басқа да міндеттемелер	16 061,0	13 614,8	-15,2
Меншікті капитал (баланс бойынша)	130 622,8	166 847,0	27,7

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 ақпанда 280 131,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 ақпандағы осындай көрсеткіштен 14,2%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	01.02.2008ж.		01.02.2009ж.		01.02.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	8 148,2	3,3	8 882,4	3,2	9,0
Орналастырылған салымдар	66 587,7	27,1	77 521,4	27,7	16,4
Бағалы қағаздар	78 164,2	31,9	95 488,0	34,1	22,2
«Кері РЕПО» операциясы	21 818,3	8,9	19 506,3	7,0	-10,6
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	21 663,5	8,8	17 970,3	6,4	-17,0
Негізгі қаражат	4 116,8	1,7	4 284,0	1,5	4,1
Қайта сақтандыру активтері	34 508,9	14,1	44 452,2	15,9	28,8
Басқа дебиторлық берешек	5 852,9	2,4	8 228,2	2,9	40,6
Басқа активтер	4 475,9	1,8	3 798,5	1,3	-15,1
Активтер жиынтығы	245 336,4	100,0	280 131,3	100,0	14,2

**Міндеттемелер.** 2009 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 113 284,3 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 1,2%-ға аз.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 99 669,5 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 ақпанда қалыптасқан резервтердің көлемінен 1,0% -ға көп.

Активтерді?, меншікті капиталды? са?тандыру резервтері? динамикасы, млрд. те?гемен



## Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің кемігені байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 63,1% және сақтандыру төлемдерінің 50,6% келеді.

Сақтандыру нарығы жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 52,1 % құрайды.

<b>Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен</b>	<b>01.02.08 ж.</b>	<b>01.02.09ж.</b>
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	53,7	63,1
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	76,2	76,9
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	74,9	50,6
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	87,5	73,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	54,4	52,1
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,9	59,2

## Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	<b>01.02.2008ж.</b>	<b>01.02.2009ж.</b>
<b>ВВП, в млрд. тенге</b>	15 249,4	16 724,1 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,11	0,06 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,86	1,00
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,61	1,67
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>5</sup>	1 095,2	586,0

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> – Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 01.02.09 жылға арналған болжамдық деректері

<sup>4</sup> – 2008 жылы қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

<sup>5</sup> – по данным Агентства по Статистике населения РК – 15,78 млн. чел.